

МЕНІҢ ШТАТТАН ТЫС ТРЕНЕРЛІК ҚЫЗМЕТІМ

Мен бала кезімнен әдебиетке, өлең оқуға, әдемі сөйлеуге құштар болып өстім. Әкем менің мағыналы қисынды, сөйлейтініме қызығып: «Менің қызым теледидар дикторы болады»-дейтін. Осы қасиеттерімнен болса керек, ержеткенде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болдым. Алайда, мен Луиза Хей, Дейл Карнеги сияқты американдық психолог-тренерлердің кітаптарын оқып, Омар Жәлел, Мұхаметжан Тазабек сияқты қазақтың бүгінгі от ауызды, орақ тілді шешендерінің айтқандарын тыңдап та жүремін. «Ой іске айналады» - деген рас болса керек, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет істеп жүргенімде директор С.Темірбаева маған «Кәсіпқор» Холдингіне» штаттан тыс тренерлікке курсқа бар» - дегенде қуана келісімімді бердім.

Жақсы тренер - жоғары білімі бар, жаңашыл білім, біліктен толық хабардар, жоғары мәдениетті маман және өз әріптестерін құрметпен оқытушы. Тренер өз тобының барлық тыңдаушыларына құрметпен қарайды және олардың жұмысына бірдей көңіл бөледі, әрі ұсынған идеяларына әруақытта анық, нақты жауап беруге ұмтылады. Тренер тыңдаушыны тақырып бойынша қызметке ынталандырады, әдістерді бірге орындап, шешімін бірге табады. Тренер үшін ең басты құндылық – адамды жақсы көру. Тренер үздіксіз кәсіби дайындықтың маңызын және өзі мен тыңдаушылардың оқуы мен тәжірибелік жұмысын қалай дамыта алатынын жақсы сезінеді, түйсінеді, кез келген мәселенің шешімін дер кезінде таба алады.

Бүгінгі күнде тренер болу – мен үшін өте маңызды: біріншіден, бала күнгі арманымды іске асырудың тамаша мүмкіндігі, екіншіден, жаным ләззат алып, ішкі рахаттануға бөлейтін қызмет, үшіншіден, қосымша табыс көзі. 2016 жылдан бері «Кәсіпқор» Холдингі» КеАҚ штаттан тыс тренері болып келемін. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіптік білім беру саласында «Модульдік-күзиреттілік тәсілдеме» және «Инклюзивті оқыту» мәселелері бойынша білімімді барынша толықтырдым, көптеген іскерлік ойындар мен тренингтерді жүргізуді меңгердім. Астана қаласында біліктілік арттыру курсының бағдарламасын әзірлеуге қатыстым. Басқа облыстар мен қалалардан келген тренерлермен танысып, тәжірибе алмастым, Алматы облысы колледждерінің оқытушыларын курста оқыту барысында мен тренер ғана емес, «коучер» қызметін де атқарамын. Коучер тек қана тренер емес, ол өз тыңдаушысына кездескен әр қиындықтан қалай шығуды үйретеді. Мен өз тыңдаушыларыма курс соңында ұялы телефон нөмірімді, E-mail-ымды беріп, олардың колледжге барғанда оқыған тақырыптары бойынша табысты қызмет етулеріне де атсалысып отырамын. Екі апталық курста сабақты жоспарлаудың, тыңдаушылардың күні бойғы сабаққа ынтасын, белсенділігін сақтаудың түрлі әдістерін де меңгердім.

Осылайша, тренерлік қызметім мені облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру саласында танымал етті. ТжКБ саласында 7 жыл ғана қызмет етсем де тренерлік қызметтің арқасында жоғары кәсіби шеберлік пен кәсіби дамуға қол жеткіздім.

Тренерлік жұмысымның барысында кездескен қиындық – мемлекеттік тілде материалдардың аздығы, бар материалдардың сапасыз аудармасы. Алайда, көптеген тапсырмалар мен құжаттарды өзім аударып отырдым, осының арқасында аудармашылық қызметпен де қосымша айналысып жүрмін.

«Өмір–өзен, тоқтамайды ағысы» демекші, тренерлік қызметім барысында мен өз ойымды бірізділікпен, қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізуді, АКТ бойынша бірқатар программалармен жұмыс істеуді, дәріс барысында психологиялық ахуалды тұрақтандыруды, сабақ жүргізудегі түрлі стратегиялар мен тәсілдерді меңгердім. Тренерлік қызметімдегі ең басты, әрі әріптестеріммен бөліскім келетін бір тәсілім – тыңдаушыны сенімсіздіктен, қорқыныштан арылту үшін сұрақ қою тәсілі арқылы өз қиындығын өзі жеңе алатынына көзін жеткізу, яғни үйретуші емес, ЖІГЕРЛЕНДІРУШІ, РУХТАНДЫРУШЫ, БАҒЫТТАУШЫ бола алу!

Нұрбекова Ақмарал Маметқазықызы
Алматы облысы Жаркент гуманитарлық-техникалық
колледжінің оқытушысы,
«Кәсіпқор» Холдингі» КеАҚ
штаттан тыс тренері